

А.Исин¹, А.Р. Ботабекова², М.Г. Насыров^{3*}

¹Шәкәрім Университеті КеАҚ (Семей, Қазақстан)
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

E-mail: assem51@mail.ru

²Шәкәрім Университеті КеАҚ (Семей, Қазақстан)
тарих магистрі

E-mail: aizhan.botabekova@mail.ru

³Шәкәрім Университеті КеАҚ (Семей, Қазақстан)
магистрант

E-mail: nasiyrovf@gmail.com*

ШӘКӘРІМ ҚАЖЫНЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫ (ЖАЗБА ЖӘНЕ ЕСТЕЛІК МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Шәкәрім қажының өскен ортасы, туыстары жайлы деректер мен естелік материалдар қарастырылды. XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы қиын-қыстау кезеңдерде Шәкәрім қажы шығармашылықпен ғана емес, қоғамдағы мәселелерге де араласып, тарих, дін, фәлсәфә, шежіре сынды салаларда қалам тербеткен. Оның жиған мол мұрасы, кітаптары мен философиялық ойлары XX ғ. басындағы зиялы қауымға рухани азық болды. Шәкәрімнің бұндай қабілет, қасиеттерінің қалыптасуында, ел арасында сөзге шешен болған бабалары мен нағашы жұрт, жақын туыстарының ықпалы болғаны сөзсіз. Мақалада Шәкәрімнің өскен ортасын зерделеу мақсатында, оның өзі жазып қалдырған материалдары кейінгі зерттеулермен қоса негізге алынды. Сондай-ақ, тақырыпқа сай ауызша тараған деректер және профессор, А. Исиннің жеке қорында сақталған материалдар Шәкәрімнің өскен ортасын тереңірек түсіну үшін зерделенді. Шәкәрім Құдайбердіұлының фотосуреттерін, оның өзі қазған құдығы маңындағы заттай деректерді, сонымен бірге ұрпақтары жайлы мағлұматты тарихи салыстырмалы әдіс арқылы қарастыру және жақындарының есімдерін, олардың өмір жолы жайлы мәліметтерді топтастыру сияқты ғылыми ізденістер Шәкәрім болмысын туыстары тұрғысынан жаңаша қарауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: Шәкәрім, шежіре деректер, қосымша деректер, естелік, Саятқора, фотосурет.

Алғыс айту: Мақала «Шәкәрімнің Саятқорасы: тарихи және этно-археологиялық зерттеу» (тіркеу нөмірі: AP23489475) гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Исин А. ¹, Ботабекова А.Р. ², Насыров М.Г. ^{3*}

¹НАО Университет Шакарима (Семей, Казахстан)
кандидат исторических наук, профессор

E-mail: assem51@mail.ru

²НАО Университет Шакарима (Семей, Казахстан)
магистр истории

E-mail: aizhan.botabekova@mail.ru

³НАО Университет Шакарима (Семей, Казахстан)
магистрант

E-mail: nasiyrovf@gmail.com*

СРЕДА И РОДСТВЕННИКИ ШАКАРИМА ХАДЖИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛОВ И ВОСПОМИНАНИЙ)

Аннотация

В статье в качестве объекта исследования были рассмотрены данные и воспоминания о среде, в которой вырос Шакарим хаджи, о его родственниках. В тягостные времена в казахском обществе начала XX в. Шакарим хаджи занимался не только творчеством, но и интересовался проблемами общества, увлекался историей, религией, философией, генеалогией. Его богатое наследие, книги и философские мысли стали духовной пищей для интеллигенции начала XX в. В становлении таких способностей, качеств Шакарима, несомненно, было влияние его предков, близких родственников, которые были ораторами среди народа. В целях изучения среды, в которой вырос Шакарим, материалы, которые он сам написал, были взяты за основу с последующими исследованиями тоже. Также были изучены устные данные по теме и материалы, хранящиеся в личном фонде профессора А. Исина, для более глубокого понимания среды, в которой вырос Шакарим. Научные поиски, такие как рассмотрение фотографий Шакарима Кудайбердыулы, вещественных данных у колодца, который он раскопал, а также сведения о потомках с помощью исторического сравнительного метода и группировка имен близких, сведений об их жизненном пути, позволили по-новому взглянуть на личность Шакарима с точки зрения родственников.

Ключевые слова: Шакарим, генеалогические данные, второстепенные данные, воспоминания, Саяткора, фотография.

Благодарность: *Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования «Саяткора Шакарима: исторические и этно-археологические исследования» (регистрационный номер: AP23489475).*

Isin A. ¹, **Botabekova A.R.** ², **Nassyrov M.G.** ^{*3}

¹Shakarim University NPJSC (Semey, Kazakhstan)
candidate of historical sciences, professor
e-mail: assem51@mail.ru

²Shakarim University NPJSC (Semey, Kazakhstan)
master of history
e-mail: aizhan.botabekova@mail.ru

³Shakarim University NPJSC (Semey, Kazakhstan)
master's student
e-mail: nasiyrovf@gmail.com*

SHAKARIM HAJI'S ENVIRONMENT AND RELATIVES (BASED ON WRITTEN MATERIALS AND MEMOIRS)

Abstract

The article examined the data and memories of the environment in which Shakarim haji grew up and his relatives as an object of research. In difficult times in the Kazakh society of the early twentieth century. Shakarim haji was not only engaged in creative work, but also interested in the problems of society, was fond of history, religion, philosophy, and genealogy. His rich heritage, books and philosophical thoughts became spiritual food for the intelligentsia of the early twentieth century. Shakarim's abilities and qualities were undoubtedly influenced by his ancestors and close relatives, who were speakers among the people. In order to study the environment in which Shakarim grew up, the materials that he himself wrote were taken as a basis for subsequent research, too. Oral data on the topic and materials stored in Professor A. Isin's personal fund were also studied, for a deeper understanding of the environment in which Shakarim grew up. Scientific searches, such as examining photographs of Shakarim Kudayberdyuly, physical data at the well he excavated, as well as information about descendants using the historical comparative method and grouping the names of loved ones, information about their life path, allowed us to take a fresh look at Shakarim's personality from the point of view of relatives.

Keywords: Shakarim, genealogical data, secondary data, memories, Sayatkora, photography.

Acknowledgements: *The article was prepared as part of the implementation of the grant financing project "Sayatkora's Shakarim: historical and ethno-archaeological research" (registration number: AP23489475).*

Кіріспе.

Тарих ғылымында тұлғаның өмірі мен қызметін қарастыруда, оның қоршаған ортасы жайлы мәліметтерді де толық қамту маңызды. XX ғ. бірінші жартысындағы күрделі саяси-әлеуметтік себептерге байланысты қазақ қоғамында қызмет еткен тарихи тұлғалардың өмірі, мұрасы мен маңызы салыстырмалы түрде кеш дәріптелді. Жазба мұраның көбі төңкеріс жылдары, аштық және қуғын-сүргін саясаты жылдары жойылып, тәркіленсе, ауызша деректерді жазып алу тіптен қиын болды. Соның ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты материалдарды жинақтау маңызды істердің бірі болып қала берді.

Ел ішіндегі шежірешілердің деректері арқылы Шәкәрім туыстары түрлі жазбаларда аталып жүрді. Кеңес заманында Шәкәрім туыстары туралы деректерді Әрхам Кәкітайұлы, әдебиет зерттеушілері Әбіш Жиреншин, Қайым Мұхаметханов жинақтады. Одан бері шежіреші Молдабек Жанболатұлы да тізімдеді. Шәкәрімнің нағашы жұрты туралы Нұрсейіт және Әлсейіт Шәкәрім ұлдары (бұлардың әкесінің есімі де Шәкәрім) айтып берген әңгімелерді олардан А. Исин 1970-жж. жазып алды. Жазып алынған осы ауызша деректер бұл күнде зерттеу материалдарын толықтырды. Себебі, цензуралық шектеулерге байланысты ол деректер елімізде Шәкәрім 1988 ж. толық ақталғанша жарияланбады.

Жоғарыда келтірілген себептер бойынша мақалада Шәкәрім қажының туыстарын туыстық топтарға байланысты жеке қарастырып, кейбір тұлғаларға қатысты деректерге тоқталуды жөн көрдік. Мақаланың екінші жартысында Шәкәрімнің соңғы жылдарына тиесілі кезеңді: Саятқорасы, өзі қазған құдығы және фотосуреттері тұрғысынан зерделеп, қажының ортасы мен туыстарына байланысты дереккөздерді қамтуға тырыстық.

Материалдар мен әдістер.

Шәкәрім Құдайбердіұлының тұлға болып қалыптасуда отбасы мен жақын туыстарының орны айырықша. Осы жағдайда, Шәкәрім қажының өмірі туралы басты деректерді бірнеше топқа бөліп, тарихи-салыстырмалы және сараптау әдістерімен қарастыруға болады. Олар: Шәкәрімнің аталары туралы өзі жазып қалдырған деректер; әкешелері және ұрпақтары туралы шежіре деректері; Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиевтің жазған Шәкәрім өмірбаяны; замандастарының естеліктері және естелікті баяндары, олардан шығатын өмірі туралы тұжырымдар; шығармаларын зерттеуде зерттеушілер анықтаған деректер; фотокұжаттар, алыс-жақын туыс, құдандалас, араласқан адамдар арқылы жиналған деректер; Шәкәрім қоныс тепкен жерлерде сақталған деректер.

Шәкәрім ұрпақтары туралы шежіре деректері ел ішінде біршама тараған, Абай музейінде жинақталған шежіре және естелікті материалдарда, көлемді түрде Молдабек Жанболатов құрастырған Тобықты шежіресінде, Тауфиқ Досаевтың [1], Асан Омаровтың «Абай» журналында шыққан Шәкәрім өмірбаянында және кітаптарында, танымдық сайттарда, басқа да авторлардың зерттеулерінде жарияланған. Шәкәрім ұрпақтары туралы жеке кітапша да шыққан. Тауфиқ Досаевтың Шәкәрім ұрпақтары туралы мақалалар, 1998 жылы кітабы шыққан.

Шәкәрімнің нағашы атасы Алдаберген би Еділбайұлы туралы кейбір мұрағат мәліметтерін құжат жинақтарында 2002 жылы тарих мәтіндерін жарыққа шығаруға құштар ел ағасы Болатбек Нәсенов [2], 2004 жылы ресейлік тарихшылар В.С Познанский мен М.П Малышева [3], ал 2006 жылы мұрағаттанушы Б.Т. Жанаев жариялады [4].

Біз осы мақалада Шәкәрім ұрпақтарын тарихи реттілік әдіспен тізбектеп, оның ортасын анықтай түсуге естелік, жазба материалдарын қоса қарастыруға тырыстық. Соған байланысты: далалық зерттеу, абстракциялық, контент-талдау әдістері қолданылды.

Талқылау.

Шәкәрімнің өскен ортасы

Шәкәрімнің Арғынға кіретін Тобықты руынан тараған аталарының және Қаракесек руынан тараған нағашы жұртының шежірелері XVI ғасырдан бастап тарихи және бірізді.

Өріге үңілмей-ақ, Шәкәрімнің бергі тегіне қатысты тұлғаларды атасақ, атасы Құнанбайдың бірінші әйелі Найман Сыбан руынан шыққан Ағанас бидің қызы Күңке. Құнанбай мен Күңкеден Құдайберді жалғыз.

Құнанбайдың екінші әйелі Шаншар Қаракесек Тұрпанның қызы Ұлжан. Құнанбай мен Ұлжаннан Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан.

Құнанбайдың үшінші әйелі Айғыз. Құнанбай мен Айғыздан Халиолла (Халел), Смағұл. Құнанбайдың төртінші әйелі Нұрғаным.

Құдайбердінің үлкен әйелі Қаракесек Кедей руынан шыққан Алдаберген бидің қызы Төлебике (Дәметкен). Алдаберген би Еділбайұлы, Төлебай би Алдабергенұлы және Алдаберген қыздары Төлебике мен Тойған туралы ел әңгімелері де, архив деректері де сақталған.

Құдайберді мен Төлебикеден Омар (жастай өлген), Мұртаза, Шаһмардан (Шәке), Шаһкәрім (Шәкәрім).

Құдайбердінің екінші әйелі Тобықты Дулат батырдың қызы Ботантай. Құдайберді мен Ботантайдан Әмір, Жылқыайдар (жастай өлген), Ырзықбай.

Құдайбердінің тағы бір әйелінен Ғабдулхаким (Хәкім).

Бұл тізім арқылы біз Шәкәрімнің өскен ортасы, ондағы туыстарын, оған ықпал еткен аға буын өкілдерін көреміз.

Шәкәрімнің өз отбасы

Шәкәрімнің үлкен әйелі Мәулен (Мәуен). 1925 жылы қайтыс болған Шәкәрім мен Мәуленнен Әбусуфиян (Сүпиян), Ахмед-Тауфик (Тауфик).

Шәкәрімнің екінші әйелі қазанлы («ноғай») Махмудтың қызы Айғанша. Шәкәрім мен Айғаншадан Ғабдулғафур (Ғафур) (1883-1930), Жебрәйіл, Қабыш (1887-1932), Ахат (1900-1984), Зият (1903-1938).

Ғафур өкіметтің жаппай қудалау, абақтыға жабу жылдарында қасірет шегіп, қапаста өзін-өзі бауыздап өлтірген.

Қабыштың өлең, ән, күй шығаратын қабілеті болған. «Шымылдық үзер» күйін ақын Мерғали Ибраевтың орындауында осы мақала авторы магнитофон таспасына жазып алғанды. Редакцияда күйді Шәкәрім шығарған деп ұйғарып, Шәкәрімнің күйі деп 2008 жылы «Абай» журналында жарияланды [5]. Бірақ дерек жеткізуші Мерғали ақын күй тарихын айтқанда Қабыш деп атаған. Нотаға күйші Серік Малаев түсіріп, бұл күйді осы күндерде алғаш орындаушысының бірі Айбек Бекбосыннан үйренген орындаушылар бар. Қабыш та қатыгез қоғамның азабын бастан кешіріп, ашаршылық жылында қайтыс болған.

Ахат 20-жылдары педтехникумда оқып, көптеген жыл қуғын-сүргіннің азабын көріп, 1931-1938 жылдары Сібірде, тайга ішінде айдауда болды, елге оралып, Алматы облысындағы Тастақ, Байсерке ауылдарында мұғалім болды, 1968 жылы Семейге оралып, ұзақ жыл Абай музейінде елдің үлкен құрметіне бөленіп, еңбек етті. 1961 жылы құр құдықтан әкесінің сүйектерін қазып алып, Жидебайда арулап қойды. Шәкәрім шығармаларын көптеп көшірді. Әкесінің және бабасы Құнанбайдың өмірбаянын жазды. Өзінің де көптеген шығармалары бар. Ақын да, әнші, көркем сөздің де шебері болған. 1980 жылы Алматыда өткен ақындар айтысында сахнадан Абай өлеңін келістіре оқып, өнерінің бір қырын көрсетті.

Шәкәрімнің кіші ұлы Зият 1931 жылы Қытайға өтіп, Алтай аймағының Сарсүмбе қаласында тұрды, Алтай аймағы оқу-ағарту бөлімінде қызмет етті, өзі «Аюбай үкірдай» атты пьеса жазып, сахнаға шығарды. 1935 жылы Үрімжіде қазақ-қырғыз ағарту ұйымының бөлімін басқарып, қазақтың бірнеше драмалық шығармаларын сахналады, өлеңдер жазып, қытай тілінен аудармалар да жасады. Шынсы Сай деген диктатор билікке келгенде ұсталып, із-түзсіз жоғалып кетеді.

Шәкәрімнің қыздары Кәмпит, Жәкібала (Жәкіш, Жәкім), Гүллар (1914-1970).

Шәкәрімнің жақын туыстарының тізбегі осы. Шежіре материалдары тізбек, есімдермен шектелгендіктен, кейбір тұлғалардың Шәкәрім өмірімен байланысы назардан тыс қалып

жатады. Осы себепті, Шәкәрімнің ортасын жіктеп, өмір жолындағы кейбір тұлғаларды жеке қарастыруға тырыстық.

Нәтижелер.

Алдаберген би (1801 - ш.а. 1865 жж.)

Шәкәрімнің нағашы атасы Алдаберген Еділбайұлы Арғын, Қаракесек ішінде Байбөрі, оның ішінде Жүгіней, Кедей тармағынан. Жас Алдабергеннің қоғамдық қызметі патшалық Ресей Орта жүз қазақтарының елдің солтүстігі мен солтүстік-шығыс аймақтарындағы саяси дербестігін жойған заманда басталды.

«Сібір қазақтары облысы» құрамындағы Қарқаралы приказына қарасты Байбөрі болысына әуелі сұлтан Көгедай Маманұлы, ал 1829-1841 жылдары сұлтан Ағадай Маманұлы басқарушы болып бекіген еді. Бұл Қарқаралы округтік приказына Тұрсын Шыңғысұлының аға сұлтандық заманы-тын. Жиырмадан жасы асқанда табиғи дарыны мол Алдаберген би ел басқарушы мәртебесіне ие болады. Бірақ та болысты төре тұқымы басқарып, ел ішінде абырой-атағы өссе де, патшалық өкімет он жылдам астам уақыт старшын қызметінен асырмаған.

Қарқаралы округінің ел билеушілер (старшындар, билер) тізімінде Алдаберген Еділбайұлы 1834 ж. бастап тұрақты атала бастайды. 1841 жылдың қазан айында Алдаберген Байбөрі болысының басқарушысы болып сайланады. Осы 40-жылдары жастары шамалас Құнанбай мен Алдабергеннің ел басқару ісіндегі қызметтері оларды жақындастырып, бұл сыйластық құдалыққа ұласады. Құнанбай мен Алдабергеннің (жергілікті дыбыстауда - Әлдеберген) құдаласуы туралы әңгіме ел жадында сақталған. Алдаберген би үлкен қызы Дәметкенді (Төлебике) Құнанбайдың үлкен баласы Құдайбердіге ұзатады. Шәкәрімнің анасы Дәметкенге әкесінің өткір мінезі, шешендігі, әр істі мәніне жетіп тындыратын тиянақтылығы, қол өнер шеберлігі сияқты мол қасиеттері дарыған.

Ресей империясы Омбы әкімшілігінің ел басқарған қазақтар туралы 1849 жылғы деректер топтамасында Алдаберген старшын 46 жаста деп көрсетілген [4, 302 б.]. Қарқаралы округінің сұлтандар, старшындар мен билердің 1850 жылғы тізімінде Алдаберген Еділбаев 43 жаста деп жаңылыс көрсетіледі [4, 344 б.]. 1851 жылғы деректе де сол жаңылыс. Бірнеше архив деректерін салыстырып анықтай түскеніміз – 49 жаста. 1857 жылғы мәліметте Алдаберген Көшім-Байбөрі және Жағалбайлы-Байбөрі болыстарын басқарады делінген. Бұл екі болысты қатар басқарған шағы. 1850-1851 жылдардағы қысқа мінездемесі: «Хорошей нравственности и довольно умен». «Довольно» деген сөздің ол кездегі мағынасы «аса», «өте», «жеткерлік», қазіргідегідей «едәуір» емес. Әрине, патшалық, кеңселік мінездемелердің бәрі сенімді дерек емес. Адамдар туралы бірде дұрыс, бірде бұрыс белгі бір сөз штампы да қолданылады. Қарқаралы округі Жағалбайлы-Байбөрі болысының билеушісі хорунжий старшын Алдаберген Еділбаевтың 1862 жылғы формулярлық тізімінде Жағалбайлы-Байбөрі болысын 1843 жылдан бастап басқаратыны, 1861 ж. хорунжий шеніне тағайындалғаны, қызметін жалғастыра беруге «қабілетті және лайықты» деп жазылған. 59 жаста деп біздің жыл есептеуіміз расталатындай дұрыс көрсетілген [4, 609 б.]. Алдаберген (Әлдеберген) би туралы ел әңгімелері ол кісінің әділдігін, турашылдығын, даналығын паш етеді. Абыралы, Дегелең жұртшылығы ол кісіні бұрын-соңды әрдайым «Әлдекем» деп құрметпен атап отыратын.

Ел әңгімелеріне қарағанда, Қарқаралы дуанына жиырма жыл билік басында болған сұлтан Тұрсын Шыңғысұлынан соң 1843 жылы сайлау жасалғанда Байбөрі руы аға сұлтандыққа ел сеніміне бөленген Алдаберген биді ұсыныпты. Алдабергенді Нұрбике-Шаншардан Тәттімбет күйші Қазанғапұлы қолдайды. Бірақ, Айбике-Шаншар, Алшынбай би бас болып, аға сұлтандыққа тағы да төре тұқымын, беделі аздау Құсбек Тәукеұлын ұйғарады. Құсбек биліктен кеткен соң, 1849 жылы, Алшынбайдың да, Алдабергеннің де құдасы Құнанбай сайланады. Бұл жолы Қаракесек елінің екі көсемі де Қүнекеңнің сайлануына бірауызды келісімге қол жеткізген. Алдаберген бидің дала өміріндегі саяси ықпалын осындай деректер арқылы сезуге болады.

Құнанбай мен Алдабергеннің құдаласуы. Алдабергенқызы Төлебике (Дәметкен). Алдабергенқызы Тойған

Ахат Құдайбердиевтің естелігіне қарағанда, Алдаберген мен Құнанбайдың құдаласуы туралы әңгіме қанаттас екі елге де тараған екен. Естелік негізінде қазіргі зерттеушілер де сол әңгімені келтіреді. Ескере кететін жағдай, Ахатқа жеткен әңгімеде Алдаберген бидің құдаласқандағы сөзінің түсініктемесі ғана жеткен. Түпнұсқа боларлық би сөзі өз ұрпақтарының арасында, дегелендік жұрт ортасында шертіледі.

1848 жыл шамасы болса керек, Құнекең жан-жағын бағамдап, Әлдебергенге құдаласу ісімен кісі жібереді. Бұл кезде бәйбішеден туған апалы-сіңлілі екі қыздың кішісі Тойған ұзатылып, би үйінде өр мінезді Төлебике отырған. Тойғанның тетелес әпкесі Төлебике 1829 ж. туған деп есептеймін. Сонда Алдаберген Құнекеңе ұнаған қысқа қайырылған сөзін айтып жібереді: «Құда болсақ болайық, бірақ өліге көңіл айтпайық, туғанға құтты болсын айтпайық!» Жұмбақ сөздің мағынасына жеткен Құнанбай: «Міне, менің құдам осы!» деген екен. Өмірі көңіліміз қалмай, болымсыз нәрсеге, ертелі-кеш, әсіресе қазаға байланысты естіліп жататын жағдайларға жер шалғайынан уақытында хабарласа алмасақ өкпелемейік деген би ойы өз тілегіне де сай келеді. Мұрағат мәліметтері, расында, құдандал екі жұрттың бір-бірінен алыс көшіп жүргенін көрсетеді. 1851-жылғы патша әкімшілігінің дерегінде Құнанбай Шыңғыстың бауырын қыстап, жайлауға Ақшатау, Шақпақ пен Бақанасқа шығады деп мәлімдесе, Дегеленді қыстаған Алдаберген би жазда Шыңғыстан тіпті алыстап, Қара Түндік бойымен көшеді делінген. Сонымен, Төлебике (Дәметкен) Құдайбердіге ұзатылып, одан Әмір 1852 жылы, Мұртаза 1854, Шәке 1856 және Шәкәрім 1858 жылы туған. Төлебике – Дәметкеннің қай жылы дүниеден өткені белгісіз болып тұр. Көзін көрген адамдардың Ахат Құдайбердіұлы арқылы жеткен әңгімелеріне қарағанда ұзақ өмір сүрген тәрізді, бұл зерттей түсетін мәселе.

Құнанбай мен Алдабергеннің құдаласуы туралы тарихи әңгімелерді А. Исаұлының әкесі және кейін, 1968-1974 жылдары Тойған шеше әулетінен шыққан қазыналы қарттар Нұрсейіт, Әлсейіт Шәкәрім ұлдары айтып отырушы еді [6]. Ескі әңгімені ұмытылмас үшін сол жылдары қағазға түсіріп алыппын. Бұл күнде сол деректер Шәкәрім төңірегі туралы танымға сәуле түсіруде.

Төлебай би (1831 - ш.а. 1880-жж соңы)

Алдаберген (Әлдеберген) бидің бәйбішесі Көлкелерден ағалы-інілі Төлебай, Арғымберген және апалы-сіңлілі Төлебике (Дәметкен), Тойған, кіші некелісі Шәкейден Баймағанбет, Бексұлтан, Омархан, Қайдар туған. Әкесінің жолын қуған Төлебай би туралы ел әңгімелері сақталған. Ол әңгімелерде бидің бүкіл 22 болыс Майқы, Бошан, Қарашор ішінде аспандаған атақ-абыройы, ел қамын ойлаған шешендігі дәріптеледі. Төлебай би Алдабергенұлы 1831-жылы туған. Әкесі Алдаберген бұл баласы туғанда 30-да, ол заманда үлкен жас. Төлебике, одан кейін туған ұлды Төлебай деп атауы олардың алдындағы нәрестелері шетінеп кеткенін аңғаруға болады.

Төлебай ел билігіне 1860-жылдардың басында араласа бастайды. Патша әкімшілігінен алғашқы марапатқа 1863 жылы ие болады. Әкесінің орнына Жағалбайлы-Байбөрі болысына басқарушысы ретінде 1865-жылдың ақпан айында бекітіледі. Өлкетанушы Болатбек ақсақал Нәсеновтің келтірген мұрағат мәліметінде 1866 жылы Бибігүл Бисенқызы есімді зайыбынан екі ұлы – 12 жасар Керімхан, 4 жасар Омар және екі қызы – 8 жасар Ділмия, 6 жасар Кәбіш аталады [7, 346-347 бб.]. Бұл деректердің 1883 жылғы тағы бір деректер топтамасына сәйкес келетін де, келмейтін тұстары бар. Көршілес Көшім-Байбөрі болысын 1850 жылдан Жабас би Қибатұлы басқарды. 1870 жылдан бастап патша өкіметі болыстарды жер аттарымен атауды ұйғарып, бұрынғы Көшім-Байбөрі болысын ірілендіріп, Абыралы, ал Жағалбайлы-Байбөрі болысын Дегелең болысы атандырды. Бұл жылдары да Төлебай би Дегелең болысындағы билігін сақтап қалды. Құнекеңнен ширек ғасыр кейін, Абайдан он төрт жас үлкен Төлебай би Алдабергенұлы Құнанбай мен ұлы Абайдың ел билеу қызметтерінің толысқан жылдарының аралығында қанаттас отырған Қаракесек пен

Тобықты жұртшылығының береке-ынтымағын қамтамасыз етуде үлкен қызмет атқарды. Сақталған құжаттар мен ел әңгімелері осы бір тұжырымды растай түседі.

Төлебай Алдабергенұлы XIX ғасырдың 80-жылдарының соңына дейін өмір сүрген. Қайтыс болған жылын мұрағат мәліметтері арқылы анықтау ісі әлі алда.

Тойған Алдабергенқызы (1830 - 1918)

Алдаберген бидің дарынды екі қызының бірі. Дәметкен туралы Ахат ақсақал арқылы әңгіме толық болғандықтан, Тойғанға байланысты тың мәліметтерді замандастарымызға жеткізу бұл күнде өзекті. Тойған шеше туралы әулетінде бірнеше тағылымды әңгімелер сақталған. Төлебике (Дәметкен) апайымен тетелес, қатар өсіп-жетіледі. Қарқаралы, Жарлы өзені бойынан ескі туыстықты еске алып, Дегелең асып, Уақ еліне қоныс аударған, емші-дәрігерлігімен бұл өлкеде де таныла бастаған, арғы ата-аналары хан заманынан дүйім алашқа әйгілі Жиренше шешен мен Қарашаштан тараған Құлтан Токсанбайұлы Алдаберген биге құда болуға Сарыбай қожа есімді кісі салады. Алдаберген «қарғы бауына төрт жүз тұсақ кой болса қызымды берейін» дейді. Бір күні «малыңызға ие болыңыз» деп, айдап әкеледі. Бұл кезде Құнанбай мен Алдаберген әлі құдаласпаған. Алдаберген Төлебикені бермек болады. Қыз «жалғыз үйлі аз атаға бармаймын» дейді. Сонда сіңлісі Тойған: «Біреудің бақытына біреу ие болмай ма? Әкемнің сағы сынбасын, мен барайын», - депті. Сөйтіп, Тойған Құлтанның ұлы Қуандыққа ұзатылады. Қуандық та емші, дәрігер болып, ата дәулетін еселей түседі.

Тойған апайы Дәметкен сияқты өжет, тілге шешен, қолынан не түрлі іс келетін өнегелі ана болады. Бүкіл әулет, төңірегіндегі жұрт қатты қадірлейді. Жылдар өткен соң Токсанбай ұрпақтары Дегелеңді төңіректеп, Шөләдір жазығына келеді. XIX-ғасырдың 70-жылдарына қарай қыстауларын ұрпақтарына бекітіп алу мәселесі шығады. Ол заманда қырдағы ауылдар тығыз отырғандықтан, бұл оңай мәселе емес-тін. Төлебай би әділ басқарушы ретінде жалпы қауымның, дүйім елдің мүддесінен шығып, өз жақындарына бұрмауы керек. Токсанбай балаларының қонысы мәселесін кейінге қалдыра береді. Мұны көріп отырған Кедей руы ішіндегі өскен аталар Дауылбай мен Теңізбай аз атаның жерін аламыз деп те қыр көрсете бастайды. Төлебай да аз атаны көшіріп, жерін сұрап жүргендерді қостағандай болады. Міне, осы кезде Тойған шеше қайраткерлігімен көрінеді. Ол бауырынан көлемі шағын болса да, жылдар бойы қоныстап, үйреншікті мекенге айналған Жаңқара тауын бекітіп беруді талап етеді. Ағайынның қас-қабағына қараған Төлебай би «басқа жер алсаңдар қайтеді» деп, апайына «иә» дей қоймайды, көңіліне қарап, «жерің басқаға берілмейді» деп те басады. Не ол емес, бұл емес, Теңізбай атасы жыл санап қысып келеді. Ақыры Тойған: «Қалмағым жесін, енді мен оязға барам» деп, кіші қайнысы Қожайды ертіп, Төлебаймен қатарласа Қарқаралыға аттанады. Жолшыбай Төлебай би апайының да бара жатқанын естиді. «Төлебай апайымен айтысып жатыр» деген қаңқу сөзден қатты именеді, бірақ Тойғанды тоқтатпайды, бата алмайды. Тойған сол бойы Қарқаралыға жетіп, Қалиакпар деген кісіге жаздыртып, ояздың атына арыз кіргіздіреді. Іс қаралып, көп ұзамай Тойған еліне сұраған жерін бекітіп алған құжатты алып келген. Осыдан соң Тойған шеше әулеттің табынар піріне айналған. Тойғанның аз атаға жер алып берген әңгімесі бүкіл Қарқаралы үйезі халқына тараған. Аталардан жеткен бұл әңгімені 1980 жылы Нұрбике-Шаншар атасынан шыққан қазыналы қарт Несіпбай Әбдіғазыұлынан де естігенде, естелікті сақтаушы автор, Амантай Исин таң қалған.

Тойған шешенің ақындығы болған. Мақалдап, немере-шөберелеріне тақпақтар айтып отыратыны әкемнің есінде қалған. Ұзақ жасап, мұсылманша жасы 90-нан асып, 1918-жылы қайтыс болған.

1945 жылы жас ақын Кашаф Туғанбаевпен айтыста А. Исиннің әкесі Иса Биназарұлы: Токсанбай бергі атам, Тойған шешем

Жебеген, ақындығы маған келіп, – деп арқалана сөйлеген [8]. Бұл да Тойған шешені әулеттің қашан да аузынан тастамай, қадір тұтуының бір көрінісі.

«Абайдың шәкірттері Омар, Оспан, Керімхан...»

1945 жылғы айтыста осы жолдар беймәлім тарихты бір қозғағандай еді. Бұл сөздердің мәнісіне жету де Шәкәрімге және Алаш қозғалысы туралы шындыққа тыйым салынған жылдары оңай болмаған.

Шежірелік мәліметтердің бір парасын Иса Биназарұлы 1961 жылы Алдабергеннің аталас ұрпағы Ырысқан Әжғожаұлынан жазып алған [9]. Төлебай Алдабергенұлының бәйбішесінен Керімхан, Омар, Оспан, Мұса, кіші әйелінен Сары (шын аты Ғабдулғазиз), Мұхаметжан туады. Керімхан бір дерек бойынша 1854-жылы дүниеге келген. Осы тұңғышынан бастап, Төлебай би балаларын мұсылманша да, орысша да оқыта бастаған. Тек, кіші балаларын оқытуға өмірі жетпеді. Бәйбішесі Бибігүл Бисенқызынан туған төрт ұлдың бәрі де білімді, ел басқаруда көптің сенімінен шыққан адал азаматтар болып жетілген. Өлеңге, қара сөзге де ұста болған. 1883 жылғы патша өкіметі деректерінде Төлебайдың төрт ұлы, екі қызы аталып, олардың туған жылдары мен айы, күні көрсетіледі. Төлебайдың бәйбішесінен (Мария деп жазылған) Керімхан 1858 ж. 27 апрелде, Омар 1864 ж. Осы деректерді басшылыққа алып, Керімхан 1854 жылы емес – 1858 жылы, Омар 1862 жылы емес – 1864 жылы туды деген көрсетпені дәл деп қабылдайды, автор А. Исин.

Керімхан Төлебайұлы (1858-1914?) – 1905 жылы Қарқаралы петициясы жасалғанда 22 болыс Қарқаралы үйезі қазақтарының атынан қазақ халқына саяси құқтарды талап етіп, патшаға жолдаған телеграммаға қол қойған тұлға. Ол құжатты алғаш рет ғалым Б. Нәсенов жариялаған [10]. Ол құжат бойынша зерттеу мақала да жарияланды [11].

XX-ғасыр басындағы арқалы ақын Омар Төлебайұлы (1864-1920) өмірі мен шығармашылығы туралы сөз қозғаудың орайы келіп, алғаш мақала да көпшілікке ұсынылған болатын [12, 118-120 бб.]. Сәттілікке орай, Омар Төлебайұлы ақынның өз қолымен жазылған, ұрпақтары арқылы жеткен қолжазбасы бұл күнде Ғылым Академиясы кітапханасының қолжазба қорында сақталып тұр [13, 82-85 бб.].

Дегелең жұртшылығынан тағы бір тың дерек. Құдайбердінің тұңғышы, Қүнекен немересі Шәке (Шаһмардан) Алдабергеннің немересі, ақын Омар Төлебайұлымен құда болып, алдындағы құдандал-бауырлықты жалғастырған. Бұл өзара сыйлас, ниеттес Шәкәрім мен Омардың арасындағы тағы бір жақындық, қимастықтың белгісі.

XX ғасыр басында Төлебай бидің оқымысты балаларының ел басқарудағы қызметтері төмендеп, жаңадан өсіп-жетілгендердің заманы туады. Бірақ «Төтең ауылының» ел ішіндегі бұрынғы қадір-қасиеті сақталады. Шындық іздеген жұрт қашан да Төлебай балаларының алдына барып, замана күштілерінің қысастығынан құтылуға тырысып баққан.

Заманында елге билігі жақсы жүріп тұрған Омар Төлебайұлы 1913-1919 жылдары Дегелең болысының №1 әкімшілік ауылында ғана халық соты қызметін атқарумен шектеледі. Әйтсе де үйреншікті әдетпен, халық сыйлы азаматын алыстан іздеп жетіп отырған.

Бұл туралы жазушы Сапарғали Бегалиннің «Замана белестері» естелікті баянында бірқатар сюжеттер бар. Соның бірі Ақайдың Хасені жылқысына қосылып кеткен атты қайтарып алу әңгімесі. Ат сұраушылар «Хасенге Төлебай ауылының бір адамы алып бармаса, басқаға сөз бермейді» деген ұйғарыммен Қоянды жәрмеңкесінде төтенше съезге шақырылған Омарға жабысады. «Ол кісі қандай кішіпейіл: «Өзім сиезден босай алмаймын. Мына хатты апарыңдар» деп Хасенге хат жазып берді». Әрі қарай жазушы хатты тапсырған жайын, мал-жайын басқаратын адамының қарсылығын, ақыры Омардың өзінің Хасенге барып, әмір ете сөйлеп, байды көндіргенін баяндайды [14, 42-44 бб.].

Сол сияқты, жазушы көзі ашық, орысша да оқыған, бірақ ертерек сырқатқа ұшырап ел ішінен алысқа шықпаған Мұса Төлебайұлының жаңа, кеңес өкіметі орнағанда болыстық комитетке жігерлі кедейлерден де мүшелер сайлатып, жаңалық лебіне үн қосып, Семейде мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсқа оқуға талапты жігіттердің бірнешеуін жібергенін жазады [14, 94-95 бб.].

Мұса Төлебайұлының адамгершілік келбет-кескіні, ағартушылық қызметке қосқан үлесін аңғартатын өзге де ел әңгімелері жеткілікті. Керімхан, Омар, Оспан, Мұсаның жақсылықтары осылай, ұмытылмай, буыннан буынға жетіп, Дегелеңмен қоса Шыңғыстау

аймағына да белгілі болған. Олар туралы әңгімелерді Ахат Құдайбердиев те, халық ақыны Тәңірберген Әміренов те айтып отыратын. Ахат Шәкәрімұлының естелігінде Төлебай би балалары туралы: «Мен Керімханды көргем жоқ. Омар, Оспан, Мұса нағашыларымды көрдім, алдарында да отырдым. Бұлар орысша оқыған. Омар мен Мұса өлең шығаратын, үшеуі де домбыра, скрипкаға жүйрік және қолөнерге шебер еді», - деп жазады [15]. Шәкәрімнің анасы Төлебике туралы «арабша, түрікше көп оқыған. Қолөнерге өте шебер, кесте тігетін, ою оятын, киім пішетін, пышақ соғатын істі адам болған. Есті, сергек, ақылды, мейірімді, жомарт болған әжеміздің құранын, «Ғибадат исламиясын», «Мұхтасарын», тағы басқа көп кітаптарын мен көрдім. Шешелерімнің, үлкен әжелердің: «Дәметкен (Төлебикені солай атаған) оқымысты, ақ мартуы бар, есті, ақылды еді» деп отырғандарын сан естігем», «шешесінің араб тілін жақсы білетінін әкейдің өзі де айтып отыратын. Және: «Араб тілін меңгеруіме шешемнің көп пайдасы тиді», дейтін еді», - деп жазды Ахат Шәкәрімұлы [15].

Керімхан, Омар мен Оспан өздерін Абайдың шәкірттеріміз деп есептеген. Оның үстіне олар Шәкәріммен үзеңгі қағыстырған дос, шығармашылықта аға жолын берген іні, Абай мен Шәкәрім өнегесін Дегелең болысы топырағында жалғастырушы жанашыр, ниеттес қайраткерлер болады. Төлебай ұлдарының адалдығы дүйім жұртқа танылған өнеге болып дәріптелген. Құдандалы екі жұрт – Құнанбай мен Алдаберген әулеттері арасындағы сыйластық жалғасын екі әулеттегі балаларға қайталанып қойылған аттас есімдерден байқаймыз. Тойған шеше әулетінде 1870 жылы туған ұлға Шәкәрім есімі беріледі. Төлебайұлы Оспанның бір баласы – Тұрағұл.

Аласапыран заманның тиянақсыздығына не шара: «бай жаман, кедей жақсы» деген заманда іргелі шаңырақтар құлап, жұрт тоз-тоз бытырап бас сауғалағанда екі әулет те тұрмыс тауқыметі мен ауыртпалықты кешкен. «Әлдекем», «Төтеннің» екінші үшінші буындағы ұрпақтарының көбі ашаршылық жылдарында жан тапсырды, немесе соғыстан қайтпады. Керімхан, Оспан мен Мұсадан бұл күнде ұрпақ жоқ.

Омар ақынның жалғыз ұлы Капсидар (1916-1967) ғана аман қалған. Капсидар есімі Түркісіб темір жолы тарихында есімі әйгілі қайраткер, ұзақ жыл белгі беру және байланыс жүйесін басқарған, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері, КСРО Халық шаруашылық көрмесіне қатысқан өнертапқыш болды [16]. Капсидардың үш қыз, бір ұлы бәрі өсіп жетілген білікті мамандар, ғалымдар болып тәрбиеленді. Олардан өскен ұрпақ бар.

Төлебай бидің інісі Арғымберген ұрпақтарынан Шәкәрімнің нағашы жұрты туралы әңгімелерді 1978 жылы Әубәкір ақсақал Ілиясұлы және інісі, 1990 жылы қайтыс болған өр мінезді, шешен, майдангер, Отан соғысы мүгедегі Әбдіғали шертүші еді. Тойған шешенің немерелері Шәкен (Шаймардан) және Шағыр (Қалимардан), Кеңес өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған шөбересі Жаңабайдың ағалары Қожай мен Биназардың сүйектері ата қоныс Жаңқара тауының етегінде жатыр. Тойған шешенің өзі де сонда.

Тойған шеше және Иса Биназарұлы

Арғы аталары бір, бергі аталары құдалас Алдаберген би ұрпақтары мен Құлтан, Жандай ұрпақтарының бір тармағы Жандайдан Байжан, Байжаннан Биназар. Биназардың Исасы кенженің кенжесі болып туғанда қартаң тартқан Тойған шешенің мейірімі осы жас балаға ауып, бауырына салып бала қылады. Исаны өнер, өлең өлкесіне баулыған да осы Тойған шеше. Ол туралы Иса Биназарұлы 1945 жылы Кашаф Туғанбаевпен айтысында:

Токсанбай бергі атам, Тойған – шешем,

Жебеген, ақындығы маған келіп.

Абайдың шәкірттері Омар, Оспан,

Керімхан ағаларым тізгін беріп, – деп арқалана жырлайды.

А. Исиннің әкесінің ел ішіне тараған әңгімелері де соны растайды. Қамбар руынан шыққан, ескі заманның оқиғаларын бойына сіңірген қайраткер, марқұм Сейітжан Тәбәріков ақсақал өз мақаласында Биназардың Исасын осы Тойған шешенің баласы деп атайды. Бұл да бір қазақ ішінде туыс баласын өз баласы қылып тәрбиелеген кең тараған салттың бірі.

Құнанбай мен Төлебай ұрпақтары ауылдарының араласуы

Құнанбай мен Алдаберген, балалары Абай мен Төлебай ауылдарының араласуы Шәкәрім мен Омар заманында жалғасын тауып, кеңестік қудалану, ғасырлық қоныстарынан айрылып, ашаршылық жылдарында тоз-тоз болып, ел бытырап кеткен заманға дейін созылады.

Соңғы деректің бірін Иса Биназарұлы 1959 жылы Шәкәрімді ақтап алу жөнінде кеңестік идеология мүмкіндік бермеген сәтсіз әрекетінде дайындалған естелікті жазбасында келтірген. И. Биназарұлы Дегелеңмен іргелес әкелері отырған Жаңқара қонысынан апалы-сіңлілі Төлебике мен Тойған әжелерінің ұрпақтары ретінде Төлебай ауылындағы Керімхан Омар, Оспан ағайындарының тапсыруымен хал сұрасу ағайындық, туысқандық жорамен Шәкәрімнің ауылына барып амандасып қайтқан екен.

Естелік деректі Шәкәрім өмірбаянын жазған Дәулет Сейсенұлы келтіреді: «Абыралылық ақын Иса Биназаровтың қажы туралы естелігі қысқа болса да нұсқа жазылыпты. «1915 жылдың шамасы. Онда бала кезім, Хан Шыңғыстың бауырындағы Шәкәрімнің ауылына бардым, – дейді ол. – Шәкәрім ұзын бойлы, байсалды, қарапайым адам екен. Сонда үйінде жинаулы тұрған кітаптарды көрдім. Сол кездің өзінде араб, грек, түрік тілдеріндегі кітапты оқып, танысады екен» [17]. Кейінгі тағдыры туралы Иса Биназарұлы былай жазыпты: «Оны 1931 жылғы көтеріліске қатысты деу жала. Керісінше, елдің сөзін тыңдамау үшін өзі Бақанақта жеке тұрды. Ел аузындағы өлеңдері жинақталып, жарыққа шықса деймін» [17].

Шәкәрімнің немерелері мен жиендері, шөберелері

Шәкәрімнің ұлы Сүпиянның ұлдары – Талғатбек (1911-1971), Шәмел, қыздары Мәймәна, Калима, Ғалия. Талғатбектің ұлы – Берік (1950).

Шәкәрімнің ұлы Ғафурдың ұлы – Баязит (1905-1930), қыздары Ләбила, Нағима, Камила. Камила Талдықорғанда өмір сүрді.

Шәкәрімнің ұлы Ахаттың ұлы – Физули (1942-1983), қыздары Сара, Ләззат. Физулидің ұлы Дәулет (1982).

Шәкәрімнің ұлы Зияттың ұлы – Мереке (1938-2016). Шәкәрім немерелерінің ішінен атасының толық ақталғанын көру бақыты бұйырды. Абай музейінде Шәкәрімге арналған шараларға қатысып, естелігін айтып, ел қошеметін көріп өтті. Мерекенің ұлы – Нұрлан (1966), қыздары Гауһар, Меруерт, Сәуле.

Шәкәрімнің жиендері

Шәкәрімқызы Жәкіш Хабибулла Сүлейменұлы Махмұтовқа тұрмысқа шыққан. Хабибулла мен Жәкімнің ұлдары Қожағапан (1921-1996), Қожанияз, Қожағапез. Елден қуғын көрген Хабибулла мен Жәкіш шекара жабық болған соң Үржарда қалып, Қожанияз бен Қожағапез ашаршылықта ауруға шалдығып, жастай қайтыс болады. Хабибулла мен Жәкіш Қожағапанды алып, 1932 жылы жаяу шекарадан Қытай жеріне өтеді. Зият Шәкәрімұлы оны ішкі Қытайда оқытып, Қожағапан кейін әскери қызметте, мектептерде мұғалім болады. Ал, Хабибулла мен Жәкіш шекарадан өткенде 1933 жылы Тауфиқ деген бала туады. 1940 жылы Назипа деген қыз туады. Сол жылы оба ауруынан осы екі баланың әке-шешесі қайтыс болады: Тауфиқ жеті жаста, қарындасы қырқынан шығар-шықпастан жетім қалады. Жетім қалған бір ұлмен бір қызды Шәуешекте саудамен шұғылданған Бердеш Тәкежанұлы деген кісі Қытайға Ике болыспен бірге қашып барған Рахымаш Досайұлы деген кісіге тапсырады. Рахымаш Досайұлы екеуін бала ғып алады. Тауфиқтың ендігі фамилиясы Досаев болады. 1949 жылы қазан айында Қытай Халық Республикасы құрылғаны белгілі. 1952 жылы өкімет жетімдерді оқуға жиып, Тауфиқ Үрімжідегі педагогикалық училищеге түседі. Со жылы қытайшадан қазақшаға кітаптар аударып жүрген ағасы Қожағапанды тауып алады. Осы әңгіменің бәрін Тауфиқ Досаев егжей-тегжейлі жазып қалдырды [1].

Тауфиқ Досаев (1933-2003) Үрімжідегі педагогикалық училищені 1957 жылы тәмамдаған соң Қытайдағы Чонжы ауданында интернатта екі жыл қызмет істеп, 1959 жылы Зайсан арқылы Қазақстанға оралған. 1960-1965 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде оқып, 1965 жылы Семей педагогикалық институтына қызметке кірісіп, 1973 жылы кандидаттық диссертация қорғап, еңбек демалысына шыққанша кафедра

меңгерушісі, доцент қызметтерін абыроймен атқарды. Шәкәрім ұрпақтары туралы мақалалар, 1998 жылы кітап шығарды. Марқұм Тауфиқ ағадан үш қыз туған: Нұрсәуле (1963), марқұм Шолпан (1966), Баян (1987).

Шәкәрімнің қызы Гүллардың балалары – Фатих, Бәтен. Олар отбасымен Алматы қаласында өмір сүрді.

Шәкәрімнің жиі қоныстанып және аңшылықта жүрген жерлері

Шәкәрім қоныстары туралы деректер өзінің шығармалары арқылы да, замандастарының, ұрпақтарының естеліктері арқылы да жақсы белгілі. Бүкіл Шыңғыстау, Ханшыңғыс бөктерлерінің бәрі, Шыңғыстың іші-сырты, Бақанас пен Байқошқар Шәкәрімнің қоныс тепкен, аң аулаған, шығармаларына арқау болған, аты аталған жерлер. Ол қоныстардың бірқатары Шәкәрімнің «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасында, өмірі адам төзбес қасіретке айналған 1930-1931 жылдарындағы елсізде жазған соңғы өлеңдерінде де аталады.

Шәкәрім 1908-1910, 1918-1922, 1927-1931 жылдары елден жырақ, Шыңғыстаудың Шақпақтас тауында, өмірінің соңғы жылдары өзі салдырған Саятқорада жападан-жалғыз өмір кешеді. Баласы Ахат өз естелігінде 1930 жылдың ақпан айының соңында науқастанып жүр дегенді естіп, әкесіне амандасып, көп күн қасында болып қайтқанын жазған. Кеңқоныс арқылы Шақпақтың тауына, аты қиналып жүрмей, қалың қар мен мұзда әзер жетеді.

Шәкәрімнің Саятқорасының қасында мұзын ойып ат суаратын Қарабұлақ ағып жатады. Бір күні, - деп еске алады Ахат, - әкей «аттарды ертте, Айыр Шақпаққа шығып келейік» деді. Екеуі қораның батыс жағындағы Айырдың басына шығады. Ахат Шәкәрімнің аралаған, саят құрған тауларын көзбен шолады: «Бұл биіктен оңтүстікте Қаранай, Тазқызыл, Балға, Тектұрмас, Құр жоталары, батыста – Көксенгір, Жорға, Жауыртағы, Шорқашқан, Шымылдық, Жосалы биіктері, ал солтүстікте – Керегетас, Қаражал, Қызылжал, Айдарлы қойтас, Қарақойтас, Бұшантай, Ділдә жоталары, көлденең жатқан Шыңғыс тауының сырт жоталары көрінеді» деп тізбектеген [18, 196-197 бб.].

Поэзия әлемінде әдемі қолтаңбасы бар, жер білгірі де ақын Төлеген Жанғалиевтің «Шыңғыстау шындығы» поэмасында Шәкәрім тағдырына байланысты жер атауларын ұшыратамыз: Қаражартас, Барғана, Керегетас, Қызылшың, Шақпақ, Шоқпартас, Бақанас, Байқошқар, Тай өзені, Кеңбұлақ, Қарабұлақ, Шилібұлақ, Айсұлу, Күнсұлу, Ақтас, Жәнібек, Кеңшатқал, Керегетас, Қызыл шыңы, Қызылжал [19, 236-241 бб.]. Шыңғыстаудағы Шәкәрімнің аң аулап саятшылық құрған жерлері – толықтыра қарайтын жеке зерттеу тақырыбы.

Шәкәрім өміріне қатысты жерлерді 1980-жылдары, әсіресе 1999, 2002-2004, 2017 жылдары, одан кейін де аралағанда өз көзімізбен көрген қоныстардың толық емес шағын тізімі мынандай:

Байқошқар, Қарақойтас, Суықбұлақ, Тасшоқы, Қызылөзен, Бөбекей, Қаспаққатын, Кеңқоныс, Қарасу, Сынтас, Суырлы, Қарабұлақ, Қаракемер, Көбетай, Қарашоқы, Кеңаша... Шәкәрім көрген, талай аралаған археологиялық ескерткіштерге толы ол жерлердің бәрін осы 2024-2025 жж. картаға түсіру жұмыстары жалғасын табуда.

Шыңғыстауда Шәкәрімнің шығармалары жазылған, бәрінің дерлік түпнұсқа қолжазбаларын қатыгез заман жоқ қылып, жазалаушылар шығармаларын отқа ораған, одан аман қалғаны аз. Көбі қолдан қолға көшірілгендіктен жетіп отыр. Шығармаларын жинап, көшіріп шығуда аман қалған ұлы Ахат Құдайбердиевтің еңбегі орасан.

Шыңғыстаудағы Шәкәрім тасы

Жергілікті өлкетанушы Серікқазы Шабданов Шәкәрімнің Шыңғыстаудағы көлемді тастағы жазуын тауып, оны әдебиет зерттеушісі Тұрсын Жұртбай музейге өткізген (Сурет 1). Ол тас М. Әуезов музейінде сақтаулы.



1 – Сурет. Өлкетанушы Серікқазы Шабданов тапқан Шәкәрімнің тастағы жазуы.
Жазу мәтіні: «1896-ншы жылы құдық қаздым мен Шаһкәрім».

Шәкәрім Шыңғыстаудағы Шақпақтаста 1908-1912-жж., Шыңғыстың сыртындағы Саятқорада 1922-1931 жж. жалғыз өзі тұрды.

Шыңғыстауды 1999-2008 және 2015-2018 жылдары археологиялық барлау мақсатымен зерттеп жүргенде тізімделген көптеген ескерткіштер, қорғандар, тас мүсіндер, тастағы суреттер – бәрі заманында Шәкәрімнің тарихты, шежірені жазу жылдарында өткен замандар туралы толғаныстарында іздері қалған.

Шәкәрімнің фотолары

Шәкәрімнің бұл күнде үш фотосы белгілі. Семейде К.Н. Могилевцев фотосалонында түсірілген суретті кейзерттеушілер Шәкәрімнің қажылыққа барардағы 1905 жылғы суреті деп жаңылыс айтып жүр. Ол сурет Ресей архивінің бірінде табылуы мүмкін. Амантай Исаұлының пікірінше, портреттік фотосы Орынборда және Семейде кітаптары шығарда, 1911 ж. түсірілген (Сурет 2).



2 – Сурет. Шәкәрім фотосын С.Х. Махмудовқа сыйға тартуға арнаған жазуы:
«Сүйікті әм йақшы белгі үшін Сағид Халил ұғлы Махмудов мырзаға һәрқашан унутмасқа
Шаһкәрім Құдайберді ұғлынан. 1912-нші жылы, 11-нші ғинуарда»

Шәкәрімнің құс ұстап түскен этнографиялық фотосын 1927 жылы әйгілі этнограф Фиельструп түсірген. Фиельструп түсірген фотолардың ішіндегі осы фотоны зерттеушілер күмәнсіз Шәкәрім деп таныды. Тау көрінісімен алыстан түсірілген үшінші фотоны архив қызметкері Лаура Қадырова тапқан.

Қорытынды.

Шәкәрім қажының өзінен, жақындарынан жеткен есімдерді тізбектеп, оның ортасы жайлы көрініске шолу жасалды. Туыстық топтарға байланысты Шәкәрімге жақын, жалпы ел арасында танылған есімдерді жеке қарастырып, кейбір тұлғаларға қатысты деректерге тоқталдық. Құнанбай мен Алдабергеннің құдаласуы, Төлебай би, Тойған шеше туралы тың деректер профессор Амантай Исиннің жеке қорында сақталған қолжазба, естеліктер негізінде сарапталды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының отбасы шежіре деректермен ғана емес, естелік материалдарға да бай екенін көрдік. Солардың бірнеше мысалында өзінің отбасына қатысты есімдер естелік материалдар тұрғысынан толыса түсті.

Қазақтың ойшылы, Шәкәрім қажының мұрасын, отбасы мүшелері мен шежіресіне қатысты тың деректерді ғылыми айналымға енгізу, оларды жаңа әдістермен зерделеудің өзектілігі арта бермек.

Пайдаланылған дебиеттер тізімі:

1. Досаев Т. Шәкәрім Құдайбердіұлының ұрпақтары туралы. – Семей, 1998.
2. Нәсенов Б. Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. – Алматы; Новосибирск, 2002.
3. Из истории колонизации «Степного Киргизского края» (1762 – февраль 1917 г.) / Составители: Малышева М.П., Познанский В.С. – Семипалатинск, 2004.
4. История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.VIII. Ч. 1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
5. Шәкәрімнің екі күйі // «Абай». 2008. №2. 93-96-бб.

6. Далалық материалдар. Қожайұлы Шәкәрім ұлдары Нұрсейіт және Әлсейіт ақсақалдардың деректері. Жазып алған А. Исин. 1968-1976 жж. А. Исиннің жеке қорындағы қолжазба.
7. Нәсенов Б. Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. 1-кітап. – Новосибирск, 2002.
8. Иса Биназарұлы мен Кашаф Туганбаевтың айтысы (1945) // «Социалистік шаруа». Абыралы ауданының газеті. 1945. 6 тамыз.
9. Далалық материалдар. Мақала А. Исиннің жеке қорында сақтаулы.
10. Нәсенов Б. Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. 3-кітап. – Новосибирск, 2002.
11. Исин А., Нәсенов Б. 1905-жылғы Қарқаралы петициясына және патшаға жіберілген телеграммаға қол қойған қайраткерлер // «Абай». 2006. №3. 26-30-бб.
12. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Т.V. – Алматы: Ғылым, 1986. 118-120-бб.
13. Исин А. Омар Төлебайұлының шығармашылығы // «Абай». 2007. №1. 82-85-бб.
14. Бегалин С. Замана белестері. Алматы, 1975. 42-44 бб.
15. Шәкәрімұлы Ахат. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім // Шәкәрімтану мәселелері. Т.1. – Семей; Новосибирск, 2006. 146-б.
16. Көшжанов М. Қазақ темір жолының алғашқы қайраткері // «Семей таңы». 2011. 16 тамыз.
17. Сейсенұлы Д. Шәкәрім. – Астана: Фолиант, 2007. 152-б.
18. Шәкәрімұлы Ахат. Менің әкем, халық ұлы – шәкәрім // Шәкәрімтану мәселелері. 1-кітап. – Семей, 2006. 196-197-бб.
19. Жанғалиев Т. Маңдайымның жазуы. – Алматы: Атамұра, 2024. 236-241-бб.

References:

1. Dosaev T. *Shakarim Qudajberdiulyнын urpaqtary turaly*. – Semej, 1998.
2. Nasenov B. *Abyrally – Saryarqanyn kindigi*. – Almaty; Novosibirsk, 2002.
3. Iz istorii kolonizacii «Stepnogo Kirgizskogo kraja» (1762 – fevral' 1917 g.) / Sostaviteli: Malysheva M.P., Poznanskij V.S. – Semipalatinsk, 2004.
4. *Istorija Kazahstana v russkikh istochnikah XVI-XX vv. T.VIII. Ch. 1* - Almaty: Dajk-Press, 2006.
5. *Shakarimnin eki kuji* // «Abaj». 2008. №2. 93-96-bb.
6. *Dalalyq materialdar. Qozhajuly Shakarim uldary Nursejit zhane Əlsejit aqsaqaldardyn derekteri. Zhazyp alghan A. Isin. 1968-1976 zhzh. A. Isinniń zheke qoryndagy qolzhasba*.
7. Nasenov B. *Abyrally – Saryarqanyn kindigi. 1-kitap*. – Novosibirsk, 2002.
8. *Isa Binazaruly men Kashaf Tuganbaevtyń ajtyssy (1945) // «Socialistik sharua». Abyrally audanyńyn gazeti. 1945. 6 tamyz*.
9. *Dalalyq materialdar. Maqala A. Isinniń zheke qorynda saqtauly*.
10. Nasenov B. *Abyrally – Saryarqanyn kindigi. 3-kitap*. – Novosibirsk, 2002.
11. Isin A., Nasenov B. 1905-zhylgy Qarqaraly peticiyasyna zhane patshaga zhiberilgen telegrammaga qol qojgan qajratkerler // «Abaj». 2006. №3. 26-30-bb.
12. *Qazaq qolzhasbalaryńyn gylymi sipattamasy. T.V. – Almaty: Gylym, 1986. 118-120-bb*.
13. Isin A. *Omar Tolebajulyńyn shygarmashylygy* // «Abaj». 2007. №1. 82-85-bb.
14. Begalin S. *Zamana belesteri*. - Almaty, 1975. 42-44 bb.
15. *Shakarimuly Ahat. Menin akem, halyq uly – Shakerim // Shakarimtanu maseleleri. T.1. – Semej; Novosibirsk, 2006. 146-b*.
16. *Koshzhanov M. Qazaq temir zholynyn algashqy qajratkeri // «Semej tany». 2011. 16 tamyz*.
17. *Sejsenuly D. Shəkarim*. – Astana: Foliant, 2007. 152-b.
18. *Shakarimuly Ahat. Menin akem, halyq uly – shakarim // Shakarimtanu maseleleri. 1-kitap. – Semej, 2006. 196-197-bb*.
19. *Zhangaliev T. Mandajymnyn zhazuy*. – Almaty: Atamura, 2024. 236-241-bb.